ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

Орындаушы (сонымен бірге – Лицензиар) Тапсырыс беруші (сонымен бірге – Лицензиат) пайдаланатын «МегаПро» автоматтандырылған интеграцияланған кітапханалық жүйесінің (АИКЖ) (бұдан әрі – АИКЖ) функционалдық мүмкіндіктерін IDLogic RFID жабдығымен өзара іс-қимыл жасауға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету түрінде кеңейту жөніндегі міндеттемелерді орындауға тиіс.

Осы Техникалық тапсырма шеңберінде Орындаушы IDLogic компаниясынан басқа өндірушілердің немесе жеткізушілердің RFID жабдығымен өзара іс-қимылды қолдамайды.

1. RFID жабдығын жеткізушінің бағдарламалық қамтамасыз етуіне арналған коннекторлық ішкі жүйеге қойылатын талаптар.

Төменде көрсетілген RFID жабдығын жеткізушінің бағдарламалық қамтамасыз етуіне арналған коннекторлық ішкі жүйе (бұдан әрі ТТ-ның осы бөлімінде – Ішкі жүйе) АИКЖ-ның осы RFID жабдығын жеткізуші әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етумен бағдарламалық деңгейде өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған.

Тапсырыс беруші үшін RFID жабдығын жеткізуші IDLogic компаниясы болуға тиіс. Ішкі жүйе басқа жеткізушілердің бағдарламалық қамтамасыз етуімен және RFID жабдығымен өзара іс-қимылды қолдамайды.

Ішкі жүйе SIP2 хаттамасы негізінде жұмыс істейтін RFID жабдығымен өзара іс-қимыл жасауға арналмаған.

Ішкі жүйе Тапсырыс берушінің түгендеуге арналған RFID станциясын пайдалануын қолдауға арналмаған.

Ішкі жүйе ұрлыққа қарсы қақпалармен немесе ұқсас RFID жабдығымен өзара іс-қимыл жасауға арналмаған.

Ішкі жүйе оқырмандарды PIN-код арқылы авторизациялау мүмкіндігін қолдамайды.

Ішкі жүйенің жұмысы АИКЖ-ның «Тіркеу», «Қызмет көрсету», «Каталогтау» модульдерінің функционалдық мүмкіндіктерін мынадай режимдерде толықтыруға мүмкіндік беруге тиіс:

- есепке қою;
- кітап беру пунктінде оқырманға кітап беру;
- кітап беру пунктінде оқырманның кітаптарды қайтаруы.

Ішкі жүйе RFID жабдығын жеткізуші Тапсырыс берушінің RFID жабдығына қосылған әрбір автоматтандырылған жұмыс орнына (АЖО) Ішкі жүйемен бағдарламалық деңгейде өзара іс-қимылды іске асыратын өзінің бағдарламалық қамтамасыз етуін орнатып, баптаған жағдайда жұмыс істейді. Бұл өзара іс-қимыл АИКЖ әзірлеушісі мен RFID жабдығын жеткізуші алдын ала бірлесіп айқындаған және 2025 жылы IDLogic компаниясының Мәскеудегі кеңсесі мен АИКЖ әзірлеушісі қабылдаған қағидалар жиынтығына негізделеді.

Тапсырыс беруші RFID жабдығын жеткізу кезінде оның жеткізушісі жабдықтың АИКЖ-мен үйлесімді екенін көрсеткенін растайды. Осы Техникалық тапсырманың терминдерінде бұл RFID жабдығын жеткізуші аталған қағидалар жиынтығын өз тарапынан қолдайтынын мәлімдегенін және оны қамтамасыз етуге тиіс екенін білдіреді.

Орындаушы RFID жабдығының және Тапсырыс берушінің АЖО-ларында орнатылған RFID жабдығын жеткізушінің бағдарламалық қамтамасыз етуінің жұмыс қабілеттілігіне жауап бермейді. Бұл RFID жабдығын жеткізушінің жауапкершілік аймағына жатады.

2. АИКЖ-ға арналған SIP2 серверіне қойылатын талаптар.

SIP2 сервері АИКЖ-ның мынадай RFID жабдығымен SIP2 хаттамасы бойынша бағдарламалық деңгейде өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған:

- әмбебап өзіне-өзі қызмет көрсету киоскісі;
- кітаптарды қайтару станциясы.

Осы жерде және бұдан әрі «МегаПро» автоматтандырылған интеграцияланған кітапханалық жүйесі (АИКЖ) деп оның Windows серверлік операциялық жүйелеріне және MS SQL дерекқорларды басқару жүйесіне (ДҚБЖ) арналған нұсқасы түсініледі (бұдан әрі – АИКЖ).

SIP2 серверінің табысты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Тапсырыс берушіге қойылатын талаптар:

- SIP2 серверін орналастыру үшін АИКЖ жұмыс істейтін Тапсырыс берушінің сол сервері пайдаланылуға тиіс;
- АИКЖ-мен өзара іс-қимыл HTTPS хаттамасы бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

SIP2 хаттамасы бойынша жұмыс істейтін RFID жабдығын жеткізуші IDLogic компаниясы болуға тиіс. SIP2 сервері басқа жеткізушілердің RFID жабдығын қолдамайды; АИКЖ-ның мұндай RFID жабдығымен өзара іс-қимыл мәселелері осы Техникалық тапсырманың шеңберінен тыс және оларды Тапсырыс беруші шешеді.

SIP2 сервері ұрлыққа қарсы қақпалармен немесе ұқсас RFID жабдығымен өзара іс-қимыл жасауға арналмаған.

SIP2 сервері оқырмандарды PIN-код арқылы авторизациялау мүмкіндігін қолдамайды.

SIP2 сервері Тапсырыс берушінің түгендеуге арналған RFID станциясын пайдалануын қолдауға арналмаған.

SIP2 серверінің жұмыс қабілеттілігі АИКЖ әзірлеушісі мен RFID жабдығын жеткізуші алдын ала бірлесіп айқындаған бағдарламалық деңгейдегі командалар жиынтығын сервердің қолдауына негізделеді.

Тапсырыс беруші RFID жабдығын жеткізу кезінде оның жеткізушісі жабдықтың АИКЖ-мен үйлесімді екенін көрсеткенін растайды. Осы Техникалық тапсырманың терминдерінде бұл RFID жабдығын жеткізуші аталған командалар жиынтығын өз тарапынан қолдайтынын мәлімдегенін және оны қамтамасыз етуге тиіс екенін білдіреді.

Егер RFID жабдығын қолдауға қажетті командалар жиынтығы АИКЖ әзірлеушісі мен IDLogic компаниясының Мәскеудегі кеңсесі алдын ала бірлесіп айқындаған командалар жиынтығынан өзгеше болса, Орындаушының SIP2 серверіне өзгерістер енгізуі қосымша шарт негізінде ғана мүмкін болады.

Орындаушы Қазақстан Республикасының аумағында қашықтан қол жеткізу арқылы Тапсырыс берушінің аппараттық-бағдарламалық құралдарына (серверіне) 8 құрылғыға арналған SIP2 серверін орнатуға тиіс. Ол үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға SIP2 серверін Тапсырыс берушінің серверіне орнатуға қажетті барлық мүмкіндіктер мен құқықтарды береді, сондай-ақ Шартқа (Келісімшартқа) қол қойылған сәттен бастап 5 күннен кешіктірмей қашықтан қол жеткізу нұсқасын келіседі.

- Жеткізу мерзімі: 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін.
- Жауапты тұлға: Тоқтарбаева Н.А. (87772927878).

зам. директора НБ [illegible]